

ЕЖЕЛГІ ГРЕК ДРАМАЛЫҚ КАНОНДАРЫ – КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕ

Қазіргі кездегі қазақ драмасын талдай отырып, біз драмалық өнер саласындағы Аристотельдің ұлы зандарының ескірмегенін байқаймыз, Қазақстанның ең үздік пьесалары ежелгі грек драмасының канондарына сәйкес жазылғанын көреміз. Және де біздің әрамызға дейінгі V ғасырдағы ежелгі грек театры қойылымдарына қарамақайшы обьективті жағдайға байланысты ережелердің катал сакталуын (әрине, кез келген канондарға творчестволық қарау) талап ететін, керісінше бүгінгі театрдың драматургиялық сценарийлерді колданып жүрген кино, теледидар сияқты көп бәсекелестері бар. Егер қазіргі кездегі (видео, DVD, CD және т.б.) көшіру техникасының әртүрлі мүмкіндіктерін ескерсек, репертуарды талғаммен таңдау қажеттілігі, яғни драматургиялық шығарманы таңдау мәселесі туындаиды, өйткені мазмұны, толымды драматургиялық материал ғана көрерменді тартады, «сүйікті немесе танымал актер/режиссерді көрү үшін де баратын» жағдайлар да кездеседі. Алайда көп жағдайларда ешқандай тамаша режиссура да, тамаша актерлік ойын да әлсіз пьесаны сақтай алмайды. Әлсіз деп мұнда Аристотель айтып кеткен драманың категориялық белгілерін сақтамаған пьесаны айтады. Бүгінгі күн талабы, көріп отырғанымыздай, драматургтен екі мың жылдан астам

уақыт тексерістен өткен, өздерінің өміршендігін дәлелдеген және қажеттіліктерін көрсеткен жанр зандарын сипатындағы талап етеді. Қазіргі қазақ драмасының сипатындағы, ол заң қазіргі қоғамның «жарасын» көрсетуге, кез келген ескіліктің ыдырауы кезінде осы қыншылықтар туғызыған әлеуметтік конфликтінің бейнелеуге тырысады. Бұл біршама дәрежеде, біздің ойымызша, барлық әрекеттер конфликтіге «қатысты» әдебиет түрі – драмада өмірдің сан түрлі саласындағы өзгерістерден, реформаға дейінгі батыл әлеуметтік өзгерістердің көркем бейнесінің табылуын барлық қоғам тарапынан қажеттілікті туындағып отыр.

Дайындалмаған негізде пайда болуы әдебиеттің ерекше түрі ретіндегі драмаға тән белгі болып табылады. Әлемге әйгілі, классикаға айналған ежелгі грек трагедиясының туындауы әлемдік әдебиетте Гомердің “Иллиадасы” мен ежелгі грек лирикалық поэзиясы, эпикалық поэмасы сияқты біртума шығармалардың тууына да себеп болды. Бұл осы жанрдың құрделілігімен, онда поэзия мен прозаның қоپтеген жетістіктерінің синтезделгенімен негізделеді. «Драмадағы проза мен поэзияның араласуы туралы» айта отырып, В.Гумбольдт былай деп жазады: “Сахналық сөйлеу тілін әнгімелесу тіліне жақыннату қажеттігін түсінген, әрекет етуші айтатын ең айқыны-

рак өнгімен, поэтикалық декламациядан... ерекше болуы керектігін түсінген, осының үнемі еске алып отырған гректер осы драма бөлімі үшін жай қарапайым проза мен поэзияның көркем формасы арасындағы делдал болатын ерекше өлең өлшемін ойлад табады” [1, 187].

Сонымен драманың басты объектісі – адам, оның іс- өрекеті, жеке бастың қасиеті, өмірге үмтүлуы, құресі, женісі, женілісі. Тек бір айырмашылығы – мұның бәрі сахнада өтеді. Қазак энциклопедиясында : «Драма (грек. drama – өрекет) өмір құбылысын шиелініскен тартыстар үстінде жинақтап, кейіпкерлердің өрекеті арқылы бейнелейтін өдеби жанр», – [2, 750] деп энциклопедиялық енбекте анықтама берілген. Шиелініскен тартыстар, кейіпкерлердің іс-өрекеті адамның қоңыл-қүйіне, мінез-құлқынан барып шығады. Одан конфликт туады, тартыс пен конфликт жок жерде драма да тумайды. Қазак өде-биетіндегі жанр ретіндегі драма XX-шы ғасырдың басында қазақ өдебиетінде кейіпкерлердің монолог, диалог, полилог сияқты сөйлеу қатынасы тәсілдерінің жетілген және қалыптасқан кезінде, поэзия мен прозадан кейін занды түрде пайда болды. Тарихи қазақ ауыз өдебиетінде осы жана жанрдың қалыптасып даму іргетасы каланды. Сонымен әнге салып, кезекпен сөз алып айтysатын, тартысатын – айтys, күйеу жағынан қадірлі адам туысқандарын салтанатты түрде, кейде өзілмен жас келінге таныстыратын, жанама түрде келіннің туысқандарына күйеудің ата - анысын, жақын ағайындарын таныстыратын – «беташар» сияқты халық ауыз өдебиеті творчествою қазақ драмасының тарихи бастау көздері болып саналады. Зерттеушілер көрсеткендей, «драматургиялық құрылымдардың тарихи бастауы ұжымдық, туыстық, халықтық сияқты ақыл-ойдың ажырмас бөлігі болып табылады» [3, 5], «ұжымдық, халықтық» ұғымдарымен фольклорлық кәсіби өнердің идеяға, принцип пен формага үйіткізу болу мағынасы түсініледі.

Драма өнер туындысының алғашқы қарлығашы – өлең. Қазақ драмасының пайда болуына XX ғасырдағы қазақ жастарының үйимдастырыған өдеби кештері түрткі болды : «Қазақ жастары үйимдастырыған өдебиет, ойын-сауық кештері ұлттық сахналық өнер мен драманың бастамасы болды. Бұлардың тәжірибелері отандық драманың пайда болуына, ұлттық драмалық шығармалардың жазылуына ықпал жасады» [4, 287].

Драматургия мәселелерімен өдебиеттандуда жемісті енбек еткен Ж.Аймауытов, М.Әуезов, F.Мұсірепов сияқты алғашқы қазақ драматургтері болды, олар пьеса жазумен қатар жанр-

дын ерекшеліктерін тануға, жанрдың ерекшеліктеріне байланысты туындаған киындықтарды игеруге тырысты, сонымен бірге жас драматургтерге де көмектесіп отырды, кейінгі толқын, әдебиеттегі орта буын өкілдері: белгілі драматург және ақын, әдебиеттанушы – ғалым Ә.Тәжібаев, С.Ордалиев, әдебиет теоретигі Р.Нұрғалиев, М.Дүйсенов, Е.Жақыпов, А.Шапауовтарды және бүгінде сахнадағы қойылымдарына халық тәнті болып жүрген кейінгі буын өкілдері – талантты да, салиқалы драматургтер – Ә.Кекілбаев, С.Жұнісов, О.Бекей және т.б. айтуға болады.

Алғашқы «Надандық құрбаны» деп аталған пьесаны Уфада 1915 жылы К.Тоғысов жазса да осы жанрдың негізін қалаушылар ретінде Ж. Аймауытов, М.Әуезов, М. Дулатов, С.Сейфуллин, Ж.Шаниндерді және т.б. айтады. Қазақ өдебиетіндегі жанрдың пайда болуына жоғарыда айтқанымыздай, халықтың бай салт - дәстүрлөрі негіз болды, соның арқасында кеңінен және қуатты дамыды. Соған 1915–1920 жылдары аралығында жаппай бір уақытта пайда болған кептеген түрлі авторлардың пьесалары дәлел бола алады. Олар – Жұсіпбек Аймауытовтың «Рәбіға», «Мансапқорлар», «Қанапия – Шарбану» (1916–1617 жж.), Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек», «Ел ағасы», «Бәйбіше – токал», «Қарагәз» (1920 ж.) және т.б. Қазақ драмасының пайда болған уақытында жазылған пьесалардың ішіндегі көркем бейнелеу сапасының классикасына айналған, сахнада көп өмір сүріп жатқан, сол уақытта көркемдік жағынан қалып қалып жазылған басқа пьесалар болса да, Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек» трагедиясы алғашқы қазақ пьесасы деп танылды. Оған өмір бойы пьесаны жетілдіруге тырысқан, оны қырнап жөндеп отырған М.Әуезовтің, автордың өзі дәнекер болды. «Қазакстан» ұлттық энциклопедиясынан осы туралы: «Күні бүгінге дейін сахнадан түспей келе жатқан «Еңлік-Кебек» халық жырының негізінде жазылып, бірнеше өндеу мен жөндеулерден кейін ұлттық драманың қайталанбас көркем, классикалық дүниесіне айналды», – деп жазылған болатын [5, 288].

1926 жылы Қызылордада, сол кездегі Қазақстанның астанасында, ашылған қазақ драма театрында өзінің алғашқы қызметін «Еңлік-Кебек» спектаклінің қойылымынан бастауы да кездесіп емес. Ашылған кезден бастап он жылдан кейін театрға академиялық деген дәреже беріледі. Бүгінде М.О. Әуезовтің пьесасымен тарихи басталған қазақ академиялық драма театры жазушының атында. Қазақ театры туралы сөз қозғағанда, оның пайда болуына атақты артистер В.А.Ан-

дреев - Бурлак, А.Л.Вишневский, В.Ф.Комисаржевская, П.А.Стрепетова, Г.Н.Федотова және басқалары гастрольдік сапармен келген Орал (1869 ж.), Орынбор (1869 ж.), Омск (1875 ж.) сияқты орыс көсібі театрларының ашылуы да негіз болды [5:657]. Содан кейін 1880 ж. Әулие-Ата (қазіргі Тараз), 1890 ж. Семейде, 1905–1907 жж. Петропавловскіде (ол кезде – Қызылжар) және бірқатар қалаларда театрлық белсенділік толқыны байқалып отырды: гастрольге орыс, татар театrlары Ақмешіт, (Қызылорда), Ақмола, Қостанай, Қызылжар (Петропавловск), Орал (Уральск), Семей (Семипалатинск) қалаларына келді. Орыс пьесаларын қазак тілінде қоятын драма жанкүйерлерінің үйірмелері ұйымдастырылды. Зерттеушілер жазғандай, ол кездегі «орыс драма театрының келуі, Қазақстан қалаларында орыс театрының өнер көрсетуі қазак театрының пайда болуына ғана емес, сонымен бірге орыс -қазак еki тілділігінің де қалыптасуына әсерін тигізді» [6, 71]. Бұл негіздің талас тудырмайтыны туралы біз сол кезеңде театрдың қоғамның ажырмас белігі ретінде билік етуімен, жаппай кино өнері мен теледидар сияқты бәсекелестерінің жок болуымен түсіндіреміз.

Көріп отырғанымыздай, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақстанда театр өнеріне деген қоғамдық мұдденің қарқын алуы байқалды, қазак тіліндегі сахналық материалдары жетіспейтін театр жанкүйерлерінің драмалық үйірмелері жаппай пайда болып жатты. Бұл, өз кезеңінде, драма мен театрдың екі жақты байланыс сипатты (мысалы, зерттеушілердің тұжырымдамалары бойынша КСРО барлық халқының дағдарысын сипаттайтын соғыстан кейінгі драматургия тақырыбы дәстүрлі «конфликтіз драматургия» деп сипатталған) туралы тезисті дәлелдейтін қазақ драмасының дамуына негіз болды [7].

XX ғасырдың басында қалыптаса бастаған қазақ драмасы қазақстандық әлеуеттің өміріндегі орнын алды және мәдениеттің ажырмас белігі ретінде қоғамның адамгершілік идеалдарын қалыптастыруды маңызды рөлге ие болды. Театр халықты тәрбиелейтін қуатты құрал деп айтқан Н.В. Гогольдің сөзін еске түсірейік: «Это такая кафедра, с которой читается разом целой толпе живой урок, где, при торжественном блеске освещения, при громе музыки, при единодушном смехе, показывая знакомый, прячущийся порок и, при тайном голосе всеобщего участия, выставляется знакомое, робко скрывающееся возвышенное чувство ...» [8, 112].

Қазақ драматургиясында пьесалары басқа тілдерге аударылған F.Мұсірепов, З. Шашкин,

Ә.Әбішев, Ә.Тәжібаев, Қ.Мұхамеджанов, Ә.Тарзі, А.Сүлейменов, Ш.Құсайынов, Қ. Ыскак, Шахимарден, С.Жұнісов, Д.Исабеков, Н.Оразалин, Ә.Кекілбаев, М.Шаханов сияқты алпауыт жазушы-драматургтердің драмасы маңызды орынға ие.

Әдеби жанр ретінде қазақ драмасының тарихына ретроспективтік талду жасау қоғамдық белсенділік пен драматургиялық шығармалар толқынының, осы саладағы сапалық жаңа өзгерістердің бір-бірімен тығыз байланысы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық өміріндегі ауқымды өзгерістер көптеген қызықты пьесалардың туындауына әкелген жаңа драматургияның қарқынды дамуына себеп болды. Оның тікелей қозғашы күші, тұртқісі – республикада үнемі өткізілетін, қазіргі заман туралы ең үздік пьеса әдеби байқауларын айтуға болады. Драманың сюжеттілік белгісі бойынша лирикаға қарама-қайшы драма мен эпос бір - бірімен жақын болады, бірақ та драма мен эпос өзара көркем сөйлеу тілдерінің басталуымен ерекшеленеді. Мысалы, егер эпикалық баяндау тыс, сырт жақтан баяндалса, драмада іш жағынан «сөйлеуді жүргізеді»: кейіпкерлердің тілі өздерінің негізгі қызметі бойынша хабарлау емес, сюжетті дамыту құралы болып табылады. Бұл әдебиет түрі басқалармен салыстырғанда, әлеуметтік және жағдаяттық жинақталған кейіпкерлердің сөйлеу әдебінің бейнесін барынша айқын суреттейтін, адамдардың сөйлеу әрекетінің коммуникативтік сипатын көрсетеді. Драмада тікелей сөйлеу тілі басым орынға ие болады, соның салдарынан сөйлеу әрекеті мен авторлық баяндау арасындағы қатынас біріншісінде көбірек көрініс береді. Авторлық баяндау туралы оның барлық, экспозиция, ремарка сияқты элементтерін негізге ала отырып, шартты түрде айтуға болады.

ӘДЕБІЕТ

1. Гумбольдт В. О различиях строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человечества // Избранные труды по языкоznанию: Пер. с нем. – 2-е изд. М.: ОАО ИГ “Прогресс”, 2001. 400 с., 187 бет.

2. Қазақ әдебиеті әнциклопедиясы. Алматы: Білік баспа үйі, 1999. 750 б.

3. Романов П.В. Проблемы драматургического жанра: Уч.пособие. СПб., 1993. 127 с., 15бет.

4. Қазақстан: Ұлттық әнциклопедиясы. Алматы: Қазақ әнциклопедиясы, 2001. 3-т. 720 б., 287 бет.

5. Қазақ өнері: Әнциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 2002. – 800 б.

6. Сонда, 288 б.

7. Сонда, 657 б.

8. *Хасанов Б.Х.* Казахско-русское двуязычие: Социально-лингвистический аспект. Алма-Ата: Наука, 1987. 200 с., 71 бет.

9. *Романов П.В.* Проблемы драматургического жанра: Уч.пособие. СПб., 1993. 127 с.; 15 бет.

10. *Аникст А.А.* История учений о драме (Теория драмы от Гегеля до Маркса). М.: Наука, 1983. 288 с., 112 бет.

Резюме

В данной статье рассматривается история и существенные признаки драмы как литературного рода. При этом будем иметь в виду, что исторически возникновению дра-

мы предшествует определенный уровень развития обрядовой поэзии, устного народного творчества, литературы. Этим в определенной степени детерминирован синтетический характер данного рода литературы.

Summary

In given article the history and essential signs of a drama as literary sort is considered. We will mean thus that historically drama occurrence is preceded by a certain level of development of ceremonial poetry, oral national creativity, the literature. It in certain degree determines synthetic character of the given sort of the literature.